



Президент екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысты

САММИТТИ АШҚАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚХР ТӨРАҒАСЫНА ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРІК-МЕНСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН БАСШЫЛАРЫНА ІЛТИПАТ БІЛДІРДІ.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына ризашылығын жеткізді.

– Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынасқа, достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасының сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

– Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық меже. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады.

– Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қытаймен



бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында суранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

– Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі айлақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

– Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге қол қоюға дайындаламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл теңқұйлы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сепаратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарақ саудасымен, рұқсатсыз көші-қонмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберқылмыстың өршуі айрықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашылуы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

– Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың бірқатар өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнағанын қуаттады.

Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жаңа технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технологиялық компанияларының қатысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санайды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жиын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия – Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

АЛАКӨЛ ЖАҢА ТУРИСТІК МАУСЫМҒА ДАЙЫН: ЖЕТІСУДАҒЫ 10 ОҢ ӨЗГЕРІС

Биылшомылу маусымына қарай жаңарған инфрақұрылымы бар, ыңғайлы көлігі қарастырылған, қауіпсіздік шаралары күшейтілген Алакөл туристерді қарсы алуға дайын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы орайда назарларыңызға жаңа маусымның 10 басты игілігін ұсынамыз:

1. Үшарал қаласы бағытында әуе рейстерінің саны артты. Енді Алакөлге күн сайын Астана және Алматы қалаларынан «Алматы-Үшарал» және «Астана-Үшарал» бағыттары арқылы жетуге болады. Мемлекет тарапынан субсидияланған билеттер құны - небәрі 20 000 теңге. Әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңартудың арқасында Үшарал қаласында ірі әуе кемелерін қабылдауға жағдай жасалған.

2. Жазғы шомылу маусымына қарай қосымша пойыздар іске қосылды. Көлге 13 пойыз жүреді, оның ішінде Астана мен Алматыдан «Тальго» жүрдек пойызы да бар. Өскемен, Павлодар, Қызылорда, Семей және Ақтоғай бағыттары қосылды.



3. Ақши және Көктұма ауылдарына автобус маршруттары ұйымдастырылды. Алматыдағы «Сайран» және Талдықорғандағы автобекеттерден автобустар тұрақты жүреді. Билет құны - 5 000 теңгеден 9 000 теңгеге дейін.

4. Ақши ауылында дәрігерлік амбулатория, дәріхана және тәулік бойы Жедел жәрдем жұмыс істейді. Облыс орталығынан хирургтар, кардиологтар, травматологтар және басқа да мамандар іссапарға жіберіледі.

5. Судағы қауіпсіздікті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биылғы

шомылу маусымында Ақши ауылында тәулік бойы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылады. 19 құтқарушы мен қосымша 28 полиция қызметкері жағалауда тәртіпті қамтамасыз етеді. Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін 9 құтқару мұнарасы орнатылады.

6. Тыйым салынған жерлерде су көліктерінің бақылаусыз қозғалысы мәселесін реттеу мақсатында Жетісу облысында Суды ортақ пайдалану ережесі бекітілді. Ережелердің сақталуын көліктік бақылау инспекциясы жүргізеді, бұл ретте инспекторлар саны ұлғайды. 3 су көлік тұрағы және құқық бұзушыларға арналған арнайы 1 айыппұл тұрағы болады.

7. Байланыс пен Интернеттің сапасын арттыру мақсатында жағалауда 16 базалық станция жұмыс істейді, 2024 жылы оптикалық-талшықты желі тартылды. Интернет байланысына туристік нысандар кезең-кезеңімен қосылуда.

8. Сондай-ақ жағалаудың санитарлық инфрақұрылымын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдануда. Бүгінге дейін 11 санитарлық-гигиеналық торап қойылған, маусымның соңына дейін тағы 12-сі қойылады. Қосымша 60 қоқыс жәшігі қойылып, 20 биотуалет орнатылады.

9. Ақши ауылында кәріз-тазарту құрылысы басталды, бұл – өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген маңызды қадам.

10. Электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жаңа «Ақши» қосалқы станциясының құрылысы жүргізілуде, биыл Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтты электр беру желілерін салу жұмыстары аяқталады. Сондай-ақ, Көктұма және Ақши ауылдарында жағалауды нығайтудың ауқымды жұмыстары басталды.

Жетісу облысының Алакөл демалыс орны туризмнің ең танымал бағыты ретінде үнемі даму үстінде. Оған көлікпен бару мүмкіндігін кеңейту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жағалаудың экологиялық инфрақұрылымы мен заманға сай қолайлы жағдай жасау – қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін көл жағалауында демалуды жайлы ете түседі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЫЛДАМ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ:

Балқаш көліне дейінгі жол жаңарып, көлік қозғалысы үшін ашылды

Жетісу облысында Балқаш көліне дейінгі жол қайта жаңғыртудан кейін көлік қозғалысы үшін ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Балқаш көлі – Жетісу өңірінің туристік әлеуетін танытатын нысанның бірі.

Еске салсақ, Балқаш көліне көлікпен бару жағдайын жақсарту үшін көлге апаратын жол екі учаскеге бөлініп, жаңғырту жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, ұзындығы 27 км «Лепсі – Балқаш көлі» жолы өткен жылы пайдалануға берілді. «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35 - 110 шақырымы бұған дейін жоспарланғанындай, жуырда жол асфальттың төменгі жабынымен көлік қозғалысы үшін ашылды.

- Қазір 40 км жолда асфальттың беткі қабатын төсеу жұмыстары қалды. Одан кейін абаттандыру жұмыстары атқарылады. Жол бойында 4 демалыс алаңы орнатылған, онда аялдама, санитарлық торап қарастырылған. Жол құрылысын жүргізген мердігер мекеме жол сапасына 5 жылға дейін кепілдік береді. Қандай да бір ескертпелер, ақаулар шығып жатса, өз күшімен ретке келтіреді. Қазір жол құрылысына 65 техника, жүзден астам адам тартылған. Аталған жолды толық пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған, - дейді Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.

Жол қатынасына қатысты тағы бір айта кетерлігі, жыл соңына дейін Лепсі ауылында заманауи жаңа темір жол вокзалын салу межеленген. Осылайша жол инфрақұрылымын дамыту арқылы Балқаш көлі жағалауына көлікпен баруға қолайлы жағдай жасалып отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Балқаш көлі жағалауында демалушылардың игілігіне инженерлік желілер, яғни электр жарығы мен тұрмыстық қажеттілікке арналған су осы маусымда беріле бастайды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биыл Балқаш көлі жағалауында жарық пен су беріле бастайды

«Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желілері құрылысының жобасы - Балқаш көлі жағалауын дамыту бағытындағы басты жобалардың бірі де бірегейі. Жобада электрмен және сумен қамту, кәріз жүйелері, жағалау жиегіндегі автожол құрылысының жобасы қарастырылған.

- Бүгінгі таңда су құбыры салынып бітті. Қазір бастағанда су тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы демалыс маусымында су беруді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты электр бағандары қойылып, қуаты 110/35/10 кВ 1 қосалқы станция орнатылды, оған электр қуаты берілді. Электр қуатын берудің екінші кезеңінде әрқайсысының қуаты 10/0,4 кВ болатын 28 трансформаторлық қосалқы станция қойылады. Оған қоса жағалау бойында ұзындығы 9,3 км болатын автокөлік жолын салудың жер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы Балқаш жағалауына инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары 2024 жылы басталған, 2026 жылы бітуі тиіс еді. Жұмыс кестесінен озық келе жатқандықтан, мерзімінен бұрын бітіреміз деген ойдамыз, - деді Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев. Оның айтуынша, кәріз құбырлары төселген, кәріз тазарту құрылғысына тапсырыс беріліп, зауытта дайындалуда.

Жағалауда демалыс орындары құрылысының бейберекет жүргізілуінің алдын алу үшін қазіргі кезде «Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы дайындалды. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәрік Нұржановтың сөзіне сүйенсек, бұл демалыс аймағының алаңы 1682,0 га болады. Барлық демалыс базаларының жобалық кезеңдегі бір реттік ең үлкен сыйымдылығы – 23 мың орын, нөмірлердің болжамды саны 7100 бірлік болады деп күтілуде. Нөмір қорының санын есепке ала отырып, көлікке арналған 7200 орындық тегін тұрақ болады. Және қарапайым халықтың жағалауда демалуына мүмкіндік жасау мақсатында қоғамдық жағажайлар да қарастырылмақ.

Қазіргі кезде көл жағалауында 52 мың адам демалса, жағалау қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, даму жоспары іске асырылғаннан кейін мұнда маусымна 450 мыңнан астам адам демалады деп болжануда. Демалыс орындары мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі қызметшілер саны туристердің болжамды санының шамамен 20 % құрап, демалыс маусымында жұмыспен қамтылғандардың саны 4,5 мың адамға жетпек.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Электр энергиясы – экономикалық өсудің қозғаушы күші

Электр энергиясы адамның өмірі мен қызметінде үлкен пайда мен ыңғайлылықты береді. Бүгінде электр энергиясы пайдаланылмайтын бірде-бір өнеркәсіп саласы немесе өзге сала жоқ. Бизнес-құрылымдар үшін электрмен жабдықтау желілеріне қосылу – маңызды және өзекті мәселе. Электрмен жабдықтауды қалай ұйымдастыруға болады? Барлық қажетті құжаттар мен келісімшарттар қалай рәсімделеді? Осы және басқа да сұрақтарға ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Берік Сатыбалдыұлы сұхбат барысында жауап береді.

- Қайырлы күн, Берік Сатыбалдыұлы! Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне электрмен жабдықтау желілеріне қосу рәсімі бойынша қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді?

- Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының тұтынушылары арасындағы көтерме және бөлшек сауда нарығында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен,

«Электр энергетикасы туралы» Заңымен және Электр энергиясын пайдалану қағидаларымен реттеледі.

Елдегі кәсіпкерлік қызметті жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында және Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі Қазақстанның позициясын көтеру мақсатында электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды.

Атап айтқанда, ҚР Энергетика министрлігінің Электр энергиясын пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес: электрмен жабдықтау шартына қажетті құжаттар саны 9-дан 7-ге қысқарды; техникалық шарттарды беру мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды; тұтынушы тарапынан жобалық құжаттаманы алдын ала келісу талабы алынып тасталды.

- Тұтынушыларды электр энергиясына қосу тәртібі мен мерзімдері өзгерді ме?

- Иә, тұтынушыларды электр желілеріне қосу тәртібі мен мерзімдерінде де оң өзгерістер орын алды. Енді заңды тұлғалар атынан құрылыс-монтаж ұйымдары, ал жеке тұлғалар өздері энергия беруші ұйымға (немесе энергия өндіруші ұйымға) техникалық шарттардың

орындалуы және қондырғыларға кернеу беруге дайындығы туралы хабарлама мен шартты акцептеу туралы өтінішті еркін нысанда жібереді. Энергия беруші ұйым: хабарламаны алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды және техникалық шарттардың орындалуын тексереді; 3 жұмыс күні ішінде кернеу беріп, есепке алу жүйесін пломбалайды және тиісті акт береді; пломбалау актісі берілген соң 2 жұмыс күні ішінде құжаттарды энергиямен жабдықтаушы ұйымға жолдайды.

- Егер энергия беруші ұйым техникалық шарттардың талаптарының орындалмағанын анықтаса, не болады?

- Мұндай жағдайда энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы акт береді. Кемшіліктерді жойғаннан кейін, тұтынушы немесе мердігер ұйым техникалық шарттардың орындалуы және дайындығы туралы қайта хабарлама жолдайды. Энергия беруші ұйым бұл хабарламаны 1 жұмыс күні ішінде қарайды. Егер кемшіліктер қайта жойылмаса, келесі тексеру тек 1 айдан кейін жүргізіледі.

- Объектінің меншік иесі ауысқан кезде жаңа техникалық шарттар алу қажет пе?

- Жоқ, техникалық шарттарды қайта

рәсімдеудің қажеті жоқ. Алайда меншік иесі өзгерген жағдайда, жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйымға шартты акцептеу туралы өтініш жолдауы тиіс.

Энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде теңгерімдік тиесілікті және пайдалану жауапкершілігін шектеу актісін береді және энергиямен жабдықтаушы ұйымға құжаттарды жібереді. Бұрынғы меншік иесі электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысу жүргізеді.

- Бұрын тұтынушыға жобалық құжаттаманы келісу қажет еді. Қазір бұл талап бар ма?

- Қазіргі таңда жобалық құжаттаманы энергия беруші ұйыммен алдын ала келісу талабы жойылды. Бұл өзгеріс процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

- Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдері бұзылған жағдайда тұтынушылар қайда жүгіне алады?

- Мұндай жағдайда тұтынушылар ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне келесі мекенжай бойынша жүгіне алады: Талдықорған қаласы, Қаратал шағынауданы, 60Б, 101 және 103-кабинеттер. Байланыс телефоны: +7 (7282) 41-70-80. Сонымен қатар, «Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы да шағым жолдауға болады.



Жалпыұлттық экологиялық акция

Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайын жақсарту, табиғатты қорғау және адамдарды қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарауға шақыру мақсатында елімізде әр жыл сайын түрлі экологиялық акциялар мен шаралар ұйымдастырылады. Солардың бірі — "Таза Қазақстан" жалпы ұлттық акциясы. Бұл акцияның басты мақсаты — халықты экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, табиғатқа зиян келтірмеуге және еліміздің табиғи ресурстарын ұқыпты пайдалануға шақыру.

"Таза Қазақстан" акциясы барлық өңірлерде кең көлемде ұйымдастырылып, еліміздің табиғи аумақтарында тазалық жұмыстарын жүргізу, тұрмыстық қалдықтарды жинап, арнайы орындарға

шығару және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы басқа да іс-шаралар атқарылады. Бұл акцияның маңызды бағыттарының бірі — табиғи қорықтар мен ұлттық табиғи парктердегі тазалық жұмыстарын жүргізу болып табылады. Әсіресе, "Жоңғар Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында жүргізілген шаралар экологиялық балансты сақтау үшін өте маңызды.

"Жоңғар Алатауы МҰТП" РММ Сарқан филиалы аумағындағы акцияның маңызы

Жоңғар Алатауы МҰТП — Жетісу облысындағы ең үлкен табиғи аймақтардың бірі болып табылады. Бұл ұлттық табиғи парк Жоңғар Алатауының тау жүйесінде орналасқан және оның аумағы аса бағалы экосистемаларды қамтиды. Парк аумағында сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар, сондай-ақ табиғи ландшафттар мен экологиялық тепе-теңдікті сақтайтын маңызды аймақтар бар.

Сарқан филиалы аумағы осы табиғи парктің құрамына кіреді. Мұнда табиғаттың әсемдігі мен биоәртүрлілігіне қол сұғылмауы керек. Алайда, адамдардың түрлі экологиялық мәселелерге бейжай қарауының нәтижесінде, табиғи

ресурстарға деген зиянкестік әрекеттер көбейіп, қоршаған орта ластанады. Сондықтан "Таза Қазақстан" жалпы ұлттық акциясының өткізілуі Сарқан филиалы аумағында экологиялық жағдайды жақсарту және табиғатты қорғау үшін үлкен маңызға ие.

Тазалық жұмыстарын жүргізу.

"Таза Қазақстан" акциясының басты міндеті — Сарқан филиалының аумағында табиғи ландшафттарды тазалау. Бұл акцияға орманшылар, экологтар, волонтерлер мен жергілікті тұрғындар қатысып, парк аумағындағы қоқыстарды жинау, тұрмыстық қалдықтарды арнайы полигондарға шығару жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне байланысты шаралар да қолға алынып, өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында арнайы жолақтар мен өрт сөндіру жабдықтары тексеріледі.

Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру.

Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру мақсатында халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Бұл шаралар арқылы адамдарды табиғатты қорғауға және оның тазалығын сақтауға

шақыру мақсатында арнайы семинарлар, лекциялар ұйымдастырылады. Экологтар мен табиғат қорғаушылары халықты экологиялық мәселелер туралы ақпараттандырып, табиғатты қорғау жөніндегі заңдарды түсіндіреді.

"Таза Қазақстан" жалпы ұлттық акциясы табиғатты қорғау бағытындағы маңызды шаралардың бірі болып табылады. Жоңғар Алатауы МҰТП Сарқан филиалы аумағында өткізілген акция аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға және қоршаған ортаның тазалығын сақтауға бағытталған нақты қадам болды. Бұл шара тек экологиялық баланс пен биоәртүрлілікті сақтау үшін емес, сонымен қатар адамдардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру үшін де өте маңызды.

Акцияның нәтижелері көрсеткендей, табиғатты қорғау ісінде тек мемлекеттік органдар ғана емес, әрбір азаматтың да жауапкершілігі маңызды. Осылайша, "Таза Қазақстан" акциясы Сарқан филиалының аумағында табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру жолында маңызды қадам болып табылады.

А.ТУРЫСБЕКОВА,
Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі — бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың жоспары мен сызбасы жасалады.

Жоспарда көлік жолдары, тұрғын үйлер, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын мұнаралар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қаупі бар нысандар белгіленеді. Сонымен бірге, оған өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру, ерікті өрт жасақшыларын дайындау және оларды көлікпен қамтамасыз ету т.б. қызметтер кіреді.

Орман және дала өрттерінің алдын алу, оны болдырмауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары аудан көлеміндегі мекемелерде лекциялар, баяндамалар, аудандағы ауылдық округтер мен шаруа қожалықтарға таратылатын ескерту хаттар жатады. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде аншлағ паннолар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандырулар шаралары жасалуы қажет. Алайда осыларды орман-тоғайлы жерлер маңында демалушылар ескере бермейді. Әр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалдарын тигізетіні анық.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:

- сөндірілмеген шылым не сіріңке;
- аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөп жанып тұтанады;
- механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.;
- орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады;
- орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді;
- күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

Құрметті аудан тұрғындары, өрттің тілсіз жау екенін және өрт болған жерде көптеген шығындар келтіретіні бәрімізге де белгілі. Осыған орай көктем, күз мезгілдері өртке өте қолайлы уақыт.

Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау - бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шалаңды бей-берекет жағудың арты орман-тоғай өртіне айналып кетуі мүмкін.

Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз керек. Орман-тоғай өрттері орын алған жағдайда 101, немесе 2-10-15, 2-14-31 телефонына хабарласыңыздар.

М.ЕРБОСЫНОВ,

«Бөрлітөбе орман шаруашылығы» КММ-нің Көкжиде орманшылығының орманшысы.

Орманды жанама пайдалану дегеніміз не

Жанама пайдалану—бұл орманның ағаш емес өнімдерін тамақтану және халық шаруашылығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалану. Орманды жанама пайдалануға мыналар жатады: марал өсіру, ара ұялары мен омарталарды орналастыру, егін өсіру, шөп шабу және мал жаю.

Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу және мал жаю «МОҚ учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Шөп шабу және мал жаю үшін осы мақсатқа жарамды, мемлекеттік орман қорының құрамына кіретін ауыл шаруашылығы алқаптарының алқаптары бөлінеді, сондай-ақ орманды табиғи және жасанды қалпына келтіру, шөп шабу басталғанға дейін оларды жақсарту жөніндегі басқа да іс-шараларды жүргізу көзделмейтін алқаптар және орманмен жабылмаған басқа да алқаптар пайдаланылады, сондай-ақ құндылығы төмен екпелердің жекелеген учаскелері қайта құруға арналған. Мемлекеттік орман қорының учаскелері шөп шабу үшін берілген кезде орман пайдаланушыларға орман пайдаланушының өтініші және қысқа мерзімді орман пайдаланғаны үшін төлемді куәландыратын құжаттар негізінде орман билеті жазып беріледі. Мемлекеттік орман қорының берілген учаскелерінде шөп шабу орман билеттерінде көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады. Қызмет "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы " ақпараттық жүйесі арқылы көрсетіледі. Орман билетін жазып беру үшін Азаматтарға: портал арқылы өтініш беру қажет www.elicense.kz белгіленген нысанға сәйкес, қызметті орманды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларына сәйкес төлеңіз және мекемеге төлем туралы түбіртек беріңіз, содан кейін орман билеті жазылып, беріледі. Қызмет көрсетуге өтініштер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін қабылданады.

Е.БАРЛЫҚБАЕВ,
Бөрлітөбе ОШКММ-нің бас инженері.

Табиғатымызды қорғайық

Орман адам өмірінде ерекше рөл атқарады. Біріншіден, орман климатқа үлкен әсер етеді, таза судың, таза ауаның болуы, ауылшаруашылық жерлерін қорғайды, адамдардың жайлы тұруы мен демалуы үшін орындарды қамтамасыз етеді, жабайы табиғаттың алуан түрлілігін сақтайды.

Бұл орманның орта құраушы немесе экологиялық рөлі. Екіншіден, орман көптеген материалдық ресурстардың көзі болып табылады, онсыз адамзат жасай алмайды және болашақта да жасай алмайды. Ағаш дегеніміз — құрылыс, қағаз және жиһаз, отын, азық-түлік және дөрілік өсімдіктер және басқалар. Бұл орманның экономикалық немесе ресурстық рөлі. Үшіншіден, орман-бұл бүкіл халықтардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптары, жұмыс көзі, Тәуелсіздік және халықтың едәуір бөлігінің, әсіресе орманды ауылдар мен ауылдарда тұратындардың материалдық әл-ауқаты қалыптасатын мәдени-тарихи ортаның бөлігі. Жердің биологиялық әртүрлілігінің негізгі үлесінің — біздің планетамыздағы тірі организмдер мен экосжүйелердің әртүрлілігінің болуы ормандармен байланысты. Біздің планетамызда бар өсімдіктердің, жануарлардың және саңырауқұлақтардың барлық түрлерінің төрттен үш бөлігі үшін ормандар негізгі тіршілік ету ортасы болып табылады. Жер ормандарының әртүрлілігін және ең алдымен жабайы ормандарды сақтау, әлі күнге дейін жабайы табиғат заңдары бойынша өмір сүреді, адамның минималды араласуымен өмірдің барлық алуан түрлілігін сақтау үшін маңызды.

Орман-бұл табиғи ортаның ажырамас элементі, оның әсерінен орман алқаптарын мекендейтін халықтардың мәдениеті мен өзіндік санасы тарихи түрде қалыптасады. Орман халықтарының тарихында орманмен немесе орманды және оның ресурстарын тікелей пайдаланумен немесе орманмен жер үшін үнемі бәсекелестікпен байланысты болмайтын қандай да бір қызмет түрін табу қиын. Бұл көбінесе орман халықтарының орманға деген дәстүрлі екіұштылығын тудырды: бір жағынан, қорғаушы ретінде, әр түрлі тауарлардың қайтару көзі, екінші жағынан, жер үшін басты бәсекелес ретінде. Адамдарда және қазіргі уақытта орманға деген осындай екіұштылықты байқауға болады, ол қазіргі заманғы техникамен және отпен қаруланған адаммен жер үшін бәсекелесу қабілетін жоғалтты.

Орман экосжүйелеріне улы газдардың атмосфераға көлікпен, өнеркәсіптік шаңмен және орман өрттерімен шығарылуы теріс әсер етеді. Бұл мәселені шешу үшін ағынды суларды тазарту қондырғылары салынып, қалдықтары аз жаңа технологиялар енгізілуде.Ормандар адамның өзі үшін, планетамыздың келесі ұрпақтары үшін жануарлар мен өсімдіктер әлемінің үлкен байлығын сақтау үшін өмір сүруі керек.

Е.КУРМАНГАЛИЕВ,
Көкжиде орманшылығының орман шебері.

•Мемлекеттік тіл - менің тілім

Қоғамдық қатынаста кеңінен көсіле алмай келе жатқан қазақ тілінің қазіргі жағдайына отандастарымыздың көңілі толмайды. Жалпы алғанда қоғам, жұртшылық, Конституцияға сәйкес мемлекеттік тілдің мерейі үстем болуына мүдделі. Олар мемлекетіміздің басым үлесін иеленген жергілікті қазақ халқының, оның тілінің, мәдениетінің қоғамдағы қозғаушы күшке айналғанын қалайды.

Ұлттық тәрбиенің өзегі



Қаладағы өзін мәдениеттімін деп санайтын қос қазақтың өз тілін өгейсітіп, ресми тілде қарым-қатынас жасап отырғанын көрген шетелдік туристің "бұлардың өз тілінде сөйлеспегеніне қарағанда қазақ тілі өте жұтаң болуы керек" деп ойлауына негіз бар. Шын мәнісінде біздің тіліміз шешен сөйлеуге, әуенді ырғаққа, шабытты поэзияға өте ыңғайлы, оның үстіне жүрек пен сезімнің нәзік құбылысын мәнерлеп беруге өте икемді. Осындай тіл осал елге біте ме? Жоқ, бағамдап қарасаңыз тілі зордың - елі зор болуы керек. Асыл тілді абзал халық қор болмауы тиіс деп ойлайтын адал жүректі қандастарымыз бай тіліміздің қолдану аясын кеңейтуге үлес қосуға ынталы.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім - тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар,-деген ақын Дихан Әбіловтың өткен ғасырдағы жанайқайын біз бүгін де қайталауға мәжбүрміз.

Ұлттық тәрбиенің өзегі - тіл. Бізді ойландыратын мәселе аз емес. Өз қағынан жеріген құландай адасып жүрген қандастарымыз әлі де болса балаларын орыс мектептеріне беруде. Олар балаларының туған еліне туған тілінде қызмет етуіне кедергі болып отырғанын білмейді. Аралас мектеп-

те, орыс тіліндегі мектепте патриоттық тәрбие беру назардан тыс қалып жататынын қаперден шығарып алған. Қазақ мемлекетінің қаржысы есебінен білім беріп жатқан сол білім ордаларының ұжымы білім алған елдің мемлекеттік тілін үйретуге міндеттіміз деп санамайтыны қынжылтатынын несіне жасырамыз.

Бала тәрбиесімен айналысқан ұлы педагогтарымыз баланы дүниеге келместен бұрын және дүниеге келген сәттен бастап тәрбиелеуді басты назарда ұстайды. Жалпы мемлекеттік тіл ең әуелі отбасынан бастау алып, одан әрі балабақша, мектеп, орта және жоғары оқу орындарында жалғасын табуы тиіс. Сондықтан халқымыздың әлімсақтан бері жалғасып келе жатқан тәрбиелік мәні зор ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жас ұрпақтың санасына ана сүтімен еніп, қалыптасу кезеңінде жеткіншектің ана тілінде тәрбие алуы өте маңызды.

Туған анасын сыйлайтын бала бөгде аналарды да құрметтей алады. Сондай-ақ өзінің ана тілін жетік білген адамға шет тілде үйрену оңайға түседі. Кезінде Алаш партиясы бағдарламасының "Оқу-білім" бабын жазған ұлы педагог Ахмет Байтұрсынов "Қазақтың ұл-қызы бастауыш білімді тек қазақ тілінде алуы керек. Ана сүтімен дарыған, ана тілімен сауат ашқан бала өз бағасын біледі. Басқа

тілді еркін меңгереді" деп тасқа таңба басқандай айқын айшықтаған болатын.

Қазақ тілінің қолдану аясы қарқынды түрде кеңейіп кеткен жоқ десек те мемлекеттік тіліміздің мәртебесіне сай болуына тиісінше негіз қаланғанын айтуға тиіспіз. Қазақ мектептерінің түлектері "Алтын белгіні" көптеп еншілеп, халықаралық, республикалық олимпиадалардан топ жарып, беделді оқу орындарында оқып келеді. Сауатты, білікті мамандарымыз сан салалы мекемелерден ойып тұрып орын алуда. Жер-су, елді мекен, көше атаулары қазақшаланды. Енді осы баға жетпес қазынамызды қадірлеп, құдыретін түсініп жүрміз бе деген сауал туындайды. Өлі де бойымызда жайбасарлық бар. Қанымыздағы құлдық сананың қалдығы кете қойған жоқ. Жалтақтау басым, біреудің көңілі қалмаса дейтін жалпақшешейлігіміз ілгерілеуімізге кедергі. Сондықтан тіліміз әлі күнге дейін тұралап, биік тұғырға көтеріле алмай келеді. Жанашырлық, ыстық ықылас, дұрыс көзқарас кемшін түскен жерде тіліміз өрге баса алмайды.

Қазақ тілі ұлттық тұғырымыздың тірегі. Бұрынғыдай емес, мемлекеттік тілсіз өрге баспайтындарын өзге ұлт өкілдері де түсінді. Қазақ тілінде ойларын еркін жеткізетін қандастарын үлгі тұтқан басқа тілді жастардың бойында

қазақ тілін үйренуге деген талпыныс басым. Міне, осындай талпынысқа қолдау көрсетіп, талабын қолдап, қанаттандыру үшін ең алдымен қазағымыз тегіс қазақша сөйлеуі қажет. Өз ұлты керек қылмаған тілді өзгелер де қажетсінбейтінін қандастарымыздың ұғынатын уақыты жетті.

Біздің маңдайымызға тәуелсіз Қазақстанның тарихи қадамдарына куә болу жазылыпты. Осындай бақытты да жауапты кезеңнің куәгерлеріне айналған біздің арқалайтын жүгіміз салмақты. Бай тілді, бар тілді қор қылу, жоқ қылу біздің азаматтығымызға сын, қазақтығымызға мін!

Тарихтың жаманы жоқ. Жаманы - сабақ алу үшін, жақсысы - үлгі алу үшін қажет. Қазақ мәуелі бәйтеректей халық. Бәйтерек - үлкенді-кішілі бұтағымен, жүрекше жапырағымен, тереңге тартқан тамырымен мәуелі. Тамыры құраса жапырақ солады, бұтақ та сынады. Күндердің күнінде құлайды. Халқымыздың ұлттық тәрбиесінің өзегіне айналған тіліміз солғындаса, қазақ халқы да сол алып бәйтеректің кебін кешеді. Елдік, ұлттық, халықтық мәселеде ұйымдаса білгеніміз ертеңіміз үшін қажет.

Жомарт ИГИМАН.

«Рүстем қырғыны» дастаны қалай жазылды?



Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ

(Соңы, басы өткен нөмірде)

Хат мәтіні одан кейін былай деп жалғасыпты: «Сонан соң хан біздің елдің адамдарын шақыртыпты. Оған баруға тағы қорқып, өз жерімізге барамыз деп көшпек болса, (үйсіндер) жақсы ат, жақсы түйе, сұлу қыздарын [алып] қалмақ бол[ып], оған біздің ел көнбей соғыс салыпты. Сол соғыста шапырашты Саурық батырдың баласы Ыстамбек деген өліп қалған соң, ел алдын ала көшіп қаша беріпті. Төнеке батырдың соңына ерген ел аман-есен өз жеріне жетіпті. Анау бір бөлек ел көшіп келе жатып, Рүстем төренің ауылына кез келіпті. Сонан соң Рүстем төре «құдай берді» деп алдап қонаққа шақырып, құлжаннан Тастамбек, Бектас екеуін, төртсары деген елден Естемес деген батырды және қасындағы үш-төрт жолдасымен бауыздап өлтіріпті деп үлкен әкеміз Қалқабайдан өзім естідім және өзім болыс күнімде сол батырлармен бірге барып, байлаудан қашып құтылған Күржұман деген шалдан «қандай қылып өлтірді» деп сұрап едім, маған айтқаны мынау:

— Тышқан бұрқан деген ұзын судың бойында төренің ауылына жақын келіп қонып жатыр едік. «Батырларды қонаққа шақырды» деп бір адам келген соң, қастарына мені бірінші қылып Тастамбек, Бектас екі батыр және екі-үш кісі алып Рүстем төренің ауылына келдік. Естемес батыр келген жоқ екен, соны тосқан сияқтанып отырды. Содан кешке жақын

Естемес батыр келді. Қасында екі-үш жолдасы бар. Олар келген соң кешікпей-ақ бәріміздің қол-аяғымызды байлап, бір бос үйге кіргізіп қойды. Түн болды. Байлау өткен соң, әрқайсысымыз ойбайлап едік, Естемес батыр «Әй, иттер, кімге еркелеп ойбайлайсыңдар? Олар оныңды білмей отыр ма? Бұл қан ишарат. Бізді өлтірмей жібермейді. Ойбайлап дұшпанның күңкілін өсіргенше, құдайға сеніп үндемей жата беріңдер. Біз өлсек те найманның тұқымы құрып қалған жоқ. Құнымызды сұрайтын кісі табылар», деді.

Сонан соң үндемей жаттық. Түнде біреу келіп мені түртіп қалып: «Естемес қайсың, бір кісі оны босатып жібер деді» деген соң мен «Естемес мен едім» дедім. Сонан соң қол-аяғымды босатып, «ал енді қаш біреу көрмесін» деп мені қоя берді» деді. Үйден шыға келсем, таң атып келе жатыр екен. Жүгірген күйде Тышқан бұрқанның суына түсіп кетіп, судың астымен сүңгіп ағып барып, ауылдан ұзаған соң бір жерден шығып, әл-дәрменім кетіп, бір ағаштың түбіне жатып, кішкене есімді жиған соң ауылға зорға жетіп жығылдым, — деді. — Сонан соң кешікпей хабар естідік, Рүстем төре бәрін өлтіріп тастады деп. Сонан соң сол көп түтін үркіп көшіп, жолға көп тоқтамай өзіміздің жерге келдік, деп сөзін тәмам қылды...».

Жоғарыдағы хатта баяндалған оқиға «Рүстем қырғыны» дастанында былай деп жырланыпты:

«Естемес есіл сабаз өледі-ау» деп,
Сыртынан ашығаны қыздың жаны,
Матайды маңыратпай ағытуға,

Түн ауа қыздың осы келген шағы.

Бақылап қыз жылыстап есікке кеп,
Ақырын есік ашып кірді етеп,
Қалтырап өне бойы қорқып қыздың,
Ақырын дыбыстады «Естемес» деп,
Ең шетте көгендеулі Күржұман қу,
Күңк етті «Мен Естемес... немене» деп.
Мейірімді дірілдеген жылы қолмен,
Бұршақты қыз ағытты «жөнелгін» деп,
Күржұман жалғыз жанын олжа көріп,
Босанып жалғыз басы кетті «шу» деп.

Па, шіркін, қулықпенен құтылғанда,
Күржұман бола қояр кімге тұлға,
Тауды орган Тышқан бұрқан өзені бар,
Күржұман жанталаса жетті мұнда.

Күржұман жағадағы дөңбекті алды,
Жылжытып итермелей суға салды,
Бет түзеп елге таман жөнелмекке,
Үстіне аттай қарғып мініп алды,
Күн шыға Күржұман қу су үстінде,
Көбіктей көтеріліп кете барды.

Одан кейін хат былай деп жалғасады: «Қош, сонымен Рүстем қырғынын, елдің ауғанын, қашып келгенін жаздық. Енді осыған қанша жыл болғанын мөлшер қылып жазайын: марқұм үлкен әкеміз Маман деген кісі биыл 103 жасқа келер еді. Сол кісі айтып еді: «Сонда мен 16 жаста едім» деп (бұл қырғын 1840 жылдар шамасында болған оқиға). Бірақ ел ауғандағысы екені, жоқ батырларды Рүстем төре өлтіргендегісі екені есімде жоқ. Бірақ арасы жақын. Ол жақта екі жылдан артық тұрмастан, батырларды

өлтірген соң көк шығып келе жатқанда көшіп келіпті.

Сол жыл екенін, жоқ келер жылы екенін білмедім. Әбілфейіз тұқымы Солтабайдың баласы Барақ төре батыр қаракерейден, садырдан қол жинап келіп һәм елден көп кісі қосылып, барып албаңдулатқа жете алмай, жалайырды шауып, малын қыз-қатынын алып қайтып, Жонға келгенде артынан Бейбіт төре сауға сұрап келіпті. Сәлемдесіп болған соң Барақ батыр биге:

— Жолығыз болсын, — дейді. Би:
— Жол қылмақ сізден болсын, — дейді.
— Төре болғанда Әбілфейіздің Барағы едің, құс болғанда Орал таудың ақиығы едің. Сол ақиық ұшты дегенде ойлап едік, тауда жатқан төрт бөрінің бірін алады деп. Оны ала алмай, етекте жатқан сарышұнақ тышқанға әлің келді, төрем, — деп жұмбақтап сөйлепті. Айтуы «маған сауға беріңіз» дейді. Сонда төре:

— Жарайды, қалағаныңды ал, — дейді. Би:

— Жарайды, рахмет. «Екі аяқтыда сату жоқ, төрт аяқтыда қайту жоқ» деген деп Бейбіт төре барша еркек, ұрғашы жесір-жебірлерді алып қайтыпты.

Рүстем төре Барақтан қашып құтылып кетіпті...

Сонан соң үш-төрт жылдан кейін орыс келіп садырды (найманның іргелі руы) алыпты. Жолан төренің тұпсы екен, ұрыспай-соғыспай өздері қарапты. Содан біздің елге (матайларды айтады) келген соң үш-төрт күн соғысып, қаумалап, орысты састырып тұрғанда зеңбіректің оғы келіп, бір кісінің басын жұлып кеткен соң, қорқып, біздің шамамыз келмейді екен деп өздері қарайды. Орыс әскерінің бастық төресін біле алмадым. Түркістан жағын қаратқан Черняев пен Кауфман, Колпаковскийлер еді. Олар емес. Бұл әскер Семей жақтан келіпті. Әркімнен сұрап едім, білуші болмады.

Жазып берген
Құдайберген Тұрысбек баласы.
1924 жыл, 19 ноябрь».

Басты мақсатымыз - азаматтардың билікке деген сенімін нығайту

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға және азаматтардың билікке деген сенімін нығайтуға бағытталған екі өзара байланысты маңызды сала.

Жалпы мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы – бұл заңнама талаптарын бұзуға жол бермеудің, алдын алудың және мемлекеттік қызметшілердің құқықбұзушылыққа жол бермеуін қамтамасыз етудің жүйелі шараларының жиынтығы. Осы орайда алдын алу, түсіндіру жұмыстары қашан да маңызды. Профилактикалық шаралардың мақсаттары мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасын арттыру, әдеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қоғамдық сенімді күшейту.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы бойынша ауданда бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда Сарқан ауданы әкімдігінің жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстваралық комиссиясы құрылып, комиссияның биылғы жылға жұмыс жоспары бекітілді. Комиссия тарапынан төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Адалдық пен парасаттылық қағидаттарын нығайту мақсатында «Парасаттылық пен адалдық – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары» атты акциясы аясында Сарқан ауданы бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар аясында түрлі деңгейде 36 іс-шара өткізілді.

Атап айтсақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңнама талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы - 4 дөңгелек үстел, ауылдық округ әкімдерімен - 3 семинар, мемлекеттік қызметшілермен - 5 семинар өткізілді. Сонымен қатар, 49 мемлекеттік қызметшілер арасында сауалнама өткізілді. 2025 жылдың 30 мамыры күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасымен «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы өткізіліп, заңгерлер заң аясында халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне объективтілік, сенімділік, айқындық, жан-жақтылық қағидаттарына ішкі талдау жүргізіледі. Аудан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы - 10 билборд ілініп, әр мемлекеттік мекемелердің қабырғаларында «Пара беру бостандықтан айырады және бұлыңғыр болашақ» тақырыбында 98 плакат ілінді.

Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің адалдық пен парасаттылық қағидаларын ұстануы бойынша пікірін көрсететін халықпен, жастармен, ардагерлермен, мәдени қызметкерлермен 2 әлеуметтік интервью жазылып, 1 видеоролик әлеуметтік желіге шығарылды (sarqan__zan_bolimi, sarkan_akimdigi, Sarkan_insta).

Ғ.МАМАНБАЕВ,
Сарқан ауданының әкімі.

•23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні

Шешімдердің заңдылығы мен әділдігі

Қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер жүзеге асуда. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда. Шынында да, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы - мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілік жүктейді. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Сондықтан олар өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда. Олар әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек. Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар олардың әдептілігі де маңызды. Себебі, әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік қызметшілердің өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз ету, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілікті және ресми мінез-құлық қағидаларын ұстану қажет. Өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің халықпен өзара қарым-қатынасының негізгі көрсеткіші – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдау, халықтың сұранысына бағдарлануына тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да, әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, өзге желі пайдаланушылармен сөйлесу кезінде сыпайылық танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттардың сақталуына жүйелі бақылау жүргізу, өз кезегінде мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының және қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуына мүмкіндік туғызады.

Әрбір мемлекеттік қызметші алдымен халыққа қызмет етеді. Осыны естен шығармау маңызды. Шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырамауға, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеуі керек.

Ұлан ЕРДЕНБЕКОВ,
Сарқан ауданының әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл.

Оқу - далалық жиыны

Оқу жылының аяғында Черкасск орта мектебінің базасында оқушылар арасында (ер балалар) аумақтық әскери оқу далалық жиыны өткен болатын.

Аталған жиынға Қарабөгет, Бақалы, Ақтұма, Черкасск, Шатырбай, М. Тынышбаев атындағы орта мектептерінің оқушылары қатысты. Оқу далалық жиынды Жетісу облысы ГКӨТ (Германиядағы Кеңес әскерлері тобы) ардагерлері, капитан С. Стамбеков, Е. Бақтыбаев, Ауған соғысының ардагері М. Темірғалиев салтанатты түрде ашты.

Сайыс бағдарламасы АК-74 автоматын уақытқа толық емес бөлшектеу, жинау, гир тасын көтеру, белтемірге тартылу, уақытқа газ тұмалдылықтарын кию, саптық дайындық, кросстан тұрды. Іс-шараға төрешілікті ГКӨТ, Ауған соғысы ардагері жүргізді.

Жарыстан кейін Сарқан ауданының тарихы мұражайы аумағында тактикалық жаттығулар жүргізілді. Атап айтқанда шабуыл, қорғаныс, барлау әдістері. Оқушылар сайыстан кейін мұражайды аралап азамат соғысы кезіндегі елін, жерін қорғаған ата-бабаларының ерліктерімен танысып, өңір топырағында туған біртуар тұлғалар туралы жан-жақты мәліметтер алды.

Осынау жиынды ұйымдастырған ГКӨТ ардагері, Черкасск орта мектебінің АӨД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы екендігін айта кеткен жөн болады.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурстық өтінімдергі қабылдау басталды

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша конкурстың басталғанын жариялайды.

Грант берудің мақсаты - белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа идеялар мен бастамаларды мемлекеттік қолдау. 2025 жылы республикалық деңгейде 3 млн теңгеден 30 грант берілетін болады. Грантқа 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады.

Грант мынадай 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін конкурстық негізде беріледі: «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған; «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымап етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған; «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған; «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған; «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған; «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 16 маусымнан бастап 18 тамыз аралығында (бұл ретте, а.ж. 18 тамыз, сағ.: 24:00-ге дейін) t.urpaktary25@gmail.com электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады. Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 706-618-07-23 (жұмыс күндері сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

► 23 маусым –Қазақстан полициясы күні

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ САЛМАҚТЫ

2007 жылы 5 маусым күні Мемлекет басшысының арнаулы Жарлығына сәйкес 23 маусым Полиция күні деп бекітілді. Бұл тәуелсіз Қазақстан полициясының міндеттері мен функцияларын айқындаған алғашқы құқықтық акт болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі полиция қызметкерлерінің кәсібилігі мен жанқиярлығы басты қасиеттер екенін айтып келеді.

Құқық қорғау органдары осынау қасиеттерді басты бағдар етіп, еліміздің ірге көтеріп, қаз тұра бастаған сәттен бастап, тәуелсіз туын көтерген бүгінгі күнімізге дейін өркениетті құқықтық мемлекетке жүктелетін міндеттерді атқарып келеді.

Тәуелсіз мемлекет құру жағдайында Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне азаматтардың құқығы мен бостандығын заңсыз қол сұғудан қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыспен күресу жөнінде жауапты міндеттер жүктелген. Полиция қызметкерлері – тәртіп сақшылары, әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау қызметін атқарады. Адамдар өздерін қауіпсіздікте сезінуі үшін қоғамдық тәртіпті қорғаумен қатар, қылмыстың алдын алуды анықтаумен айналысады. Әрбір қазақстандық және біздің еліміздің әрбір азаматы полицейді өзінің қорғаушысы, кез келген қиын сәтте көмекке келетін тұлға деп білуі керек.

Ішкі істер органдары мемлекетімізде заңдылық пен құқық тәртібін нығайту ісіндегі барлық жауапкершілікті түсініп, азаматтардың қауіпсіздігі мен конституциялық құқығын қамтамасыз етуде оң нәтижелерге қол жеткізіп, қиын қызметін абыроймен атқаруда. Ішкі істер органдарында қызмет ету – Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекет алдындағы қызметтік міндеттері мен кәсіби парызын орындаумен байланысты мемлекеттік қызметтің ерекше түрі.

Халыққа адал қызмет ету-полиция үшін ең жоғарғы абырой болып табылады. Осындай істі үлкен азаматтық батылдықпен, қызметтік борышқа деген адалдықты бірінші орынға қойған біздің Ішкі істер органдарының ардагерлері бүгінгі жастар үшін үлкен үлгі. Бейбітшілікті көз қарашығындай сақтап, қоғамдық тәртіпті уақытпен санаспай қадағалаған ардагер ағаларымызға шексіз алғысымызды айтамыз.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Азаматтардың қауіпсіздігі, олардың бүгінгі және ертеңгі күнге деген сенімі тәртіп сақшыларының кәсібилігіне, берік азаматтық ұстанымына және батылдығына тікелей байланысты.

Қазақстан Полициясы күні – қазақстандық полицияны қалыптастыруға жан аямай күш салғандар мен оның қатарында қызмет етушілерге деген алғыстың белгісі. Бұл – өз ісіне деген адал қызметімен халықтың қадіріне ие болған полиция ардагерлеріне деген шынайы алғыс мерекесі. Сіздерге денсаулық, ел игілігіне бағытталған қызметте табыс, жақсылық пен барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

Сарқан – Ақпарат.

• Заң және тәртіп



Маңызды мәселелер талқыланды

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заң нормаларының талаптарын сақтау жөнінде Сарқан аудандық соты әкімшісінің қызметкерлері арасында семинар өткізілді.

Аудандық соттың қабырғасында өткен жиын барысында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауы, ашықтық пен адалдық қағидаттарын ұстануы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар, қатысушыларға Әдеп кодексінің негізгі талаптары мен құқықтық жауапкершілік түрлері туралы ақпарат берілді. Спикер мемлекеттік қызметтің имиджін арттырудағы этикалық нормалардың маңыздылығын атап өтті.

Жиын соңында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, ұсыныстар мен пікірлер алмасты.

Өз тілшіміз.

ҚР азаматтарының шетелдік жанжалдарға қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілік

Соңғы онжылдықтарда әлемнің түрлі аймақтарында орын алған әскери жанжалдар мен террористік әрекеттер жаһандық қауіпсіздікке үлкен қатер төндіріп отыр. Бұл жағдай Қазақстан үшін де өзекті, себебі кейбір ҚР азаматтары шетелдік қақтығыстарға түрлі себептермен қатысып жүргені байқалады. Мұндай жағдайлардың алдын алу және құқықтық жауапкершілікті нақты белгілеу – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (ҚК) шетелдік қақтығыстарға қатысуға байланысты арнайы баптар қарастырылған:

ҚК 172-бабы: «Шет мемлекет аумағында қарулы қақтығыстарға немесе әскери іс-қимылдарға жалдамалы ретінде қатысу»

Бұл бапқа сәйкес, ҚР азаматы егер: Шет мемлекет аумағындағы қарулы жанжалға жалдамалы ретінде қатысса; Жалақы, материалдық пайда, басқа да жеке мүдделер үшін әскери әрекетке араласса; Бұл әрекеті ҚР мүддесіне қайшы болса, онда ол 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

ҚК 174-бабы: «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыру»

Кей жағдайларда шетелдік жанжалдарға қатысу діни экстремизм немесе радикализммен байланысты болады. Мұндай жағдайда 174-бап бойынша да қылмыстық жауапкершілік қарастырылуы мүмкін. Бұл бап Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға бағытталған әрекеттер үшін жауапкершілікті көздейді. Ел азаматтарының шетелдік қарулы жанжалдарға қатысуы тек қана жеке тұлға үшін емес, бүкіл мемлекет үшін де қауіп төндіреді. Мұндай әрекеттер: Ұлттық қауіпсіздікке қатер; Терроризмнің таралуына ықпал; Халықаралық имиджге нұқсан келтіреді.

Сондықтан мемлекет құқықтық, ақпараттық және гуманитарлық тұрғыдан кешенді әрекет етуі тиіс. Азаматтар да өз жауапкершілігін түсініп, экстремизм мен жалдамалылықтың салдарын бағалай білуі керек.

Өз тілшіміз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – мемлекеттік қызметшінің азаматтық борышы

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, халықтың әл-ауқатына және қоғамдағы әділеттілік принциптеріне кері әсер ететін ең үлкен қауіптердің бірі. Мемлекеттік қызметші ретінде мен үшін бұл мәселе ерекше маңызға ие, себебі біз – халық пен мемлекетті байланыстыратын сенімді көпірміз.

Сыбайлас жемқорлық – лауазымдық өкілеттіктерді жеке немесе топтық мүдде үшін заңсыз пайдалану. Ол пара алу, пара беру, қызметтік жағдайды асыра пайдалану, туыстық немесе таныстық арқылы жұмысқа орналастыру сияқты көріністермен сипатталады. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің экономикалық әлеуетін төмендетіп, халықтың билікке деген сенімін жояды. Ол әділдік пен заң үстемдігін бұзады, мемлекеттік ресурстарды тиімсіз пайдалануына жол аша-

ды. Ұзақ мерзімді перспективада сыбайлас жемқорлық әлеуметтік теңсіздік пен тұрақсыздықтың себебі болуы мүмкін. Жаңадан келген мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызметке келген күннен бастап Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын басшылыққа ала отырып, адал қызмет етуге міндетті. Әрбір іс-әрекеті әділдік, ашықтық, заңдылық және жауапкершілік принциптерін ұстануы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің қағидасы – сыбайлас жемқорлыққа «нәлдік төзімділік» таныту. Бұл дегеніміз: парақорлыққа жол бермеу, заңсыз ұсыныстардан бас тарту, күмәнді әрекеттерді дер кезінде хабарлау, әріптестер арасында әділдік пен адалдық мәдениетін қалыптастыру. Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың, әсіресе мемлекеттік қызметшінің басты міндеттерінің бірі.



Мемлекеттік қызметте жұмыс істеу – үлкен жауапкершілік пен сенім. Бұл сенімді ақтау үшін біз заңға адал, халыққа әділ болуымыз керек.

М. КАЛДЫБЕКОВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

Исполнено Предписание Антимонопольного органа

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГKKП «Сарканский политехнический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу» не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписание об устранении допущенных нарушений.

На данный момент предписание исполнено в полном объеме.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу.

Табиғатты қорғау акциясы қорытындыланды



Бүкіл халық болып ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау мен қолдау мәселесіне қоғамның назарын аудару мақсатында «Парктер шеруі» акциясы сирек кездесетін өсімдіктер, жануарлар мен құстар әлемін, табиғаттың тамаша ландшафтары мен ғажайып табиғи ескерткіштерін қорғау мақсатында өткізіліп келеді. Жыл сайын дәстүрге айналған табиғатты қорғау акциясы өз жұмысын аяқтады. Акция аясында түрлі экологиялық шаралар, сенбіліктер ұйымдастырылып, колледж студенттері мен мектеп оқушылары және жергілікті тұрғындар арасында табиғатты қорғау, экологиялық мәселелер көтеріліп, табиғатты қорғау мекемесінің жұмысы насихатталды.

Табиғатты қорғау акциясы Сарқан, Алакөл ауданының барлық елді мекендерінің тұрғындары, еріктілері мен оқу орындарын қамтып, ауқымды түрде ұйымдастырылды. Акция

кезінде «Құстарға қамқор болайық», «Құстар біздің досымыз», «Жер күні», «Халықаралық ағаш күні», «Қызғалдақтың отаны Қазақстан», «Таза өзенге – таза жағалау», «Бұлақ көрсең - көзін аш»,

«Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні», «Жасыл жапырақ» және «Туған өлкем» атты шығармашылық байқауы өтті. Акция төңірегінде: «1-сәуір Құстар күніне» орай құстың ұялары жасалып,

ағаштарға орнатылды, бұлақ көздері тазаланып, сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды және көгалдандыру жұмыстарында ағаш көшеттері отырғызылды. Сонымен қатар колледждерде, мектептерде, кітапханаларда әр түрлі нысандағы дәріс сабақтары, деңгелек үстелдер, ашық есік күндері мен семинарлар өткізілді.

«Парктер шеруі 2025» халықаралық табиғатты қорғау акциясы қорытындыланып, барлық белсенді қатысушылар мен байқаудың жеңімпаздары арнайы дипломдар мен алғыс хаттармен марапатталып, естелік сыйлықтары табысталды.

Б.САҒЫНҒАЛИЕВА,
рекреация, экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы.

САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ

Сарқан ауданы Аманбөктер ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы

2025 жылғы 15 маусымда Аманбөктер сайлау округі бойынша Аманбөктер ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес Сарқан ауданының Аманбөктер ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі.

Аманбөктер округі бойынша сайлаушылар тізіміне 220 азамат енгізілді, олардың 188-і (85,5%) дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 8, "бәріне қарсы" деген жолда -0.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Айтақын Сержан. - 19 адам (10,6%)

Кыдырбаев Айбол Төлегенович. – 138 адам (76,7%)

Сейтқазы Төлеубек Советбекұлы. – 23 адам (12,8%)

Аманбөктер ауылдық округінің сайланған әкімі дауыс беру қорытындысы бойынша 1974 жылы туған Кыдырбаев Айбол Төлегенович Аманбөктер ауылдық округінің әкімі болып сайланды, «Аманбөктер ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман. Сарқан ауданы, Баянбай ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясынан.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-11-бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы 15 маусымда сайланған Сарқан ауданының Аманбөктер ауылдық округінің әкімін 2025 жылғы 15 маусымдағы шешімімен тіркеді.

Сарқан ауданы Екіаша ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы

2025 жылғы 15 маусымда Екіаша сайлау округі бойынша Екіаша ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес Сарқан ауданының Екіаша ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі.

Екіаша округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1427 азамат енгізілді, олардың 1142-і (80,0%) дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 36, "бәріне қарсы" деген жолда -0.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Дюсембеков Даулет Адильжанович. - 838 адам (75,7%)

Ерланұлы Ұлан. – 153 адам (13,8%)

Сейтханова Гульнур Оралхановна. – 115 адам (10,4%)

Екіаша ауылдық округінің сайланған әкімі дауыс беру қорытындысы бойынша 1986 жылы туған Дюсембеков Даулет Адильжанович Екіаша ауылдық округінің әкімі болып сайланды, «Екіаша ауылдық округі әкімінің аппараты», әкім. Екіаша ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясынан.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-11-бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы 15 маусымда сайланған Сарқан ауданының Екіаша ауылдық округінің әкімін 2025 жылғы 15 маусымдағы шешімімен тіркеді.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

УСТАНОВЛЕНЫ ИТОГИ ВЫБОРОВ

О регистрации акима Аманбөктерского сельского округа Сарканского района

15 июня 2025 года состоялись выборы акима Аманбөктерского сельского округа по Аманбөктерскому избирательному округу.

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола участковой избирательной комиссии о результатах выборов акима Аманбөктерского сельского округа Сарканского района установила итоги выборов.

В список избирателей по Аманбөктерскому избирательному округу включено 220 граждан, из них проголосовали 188 (85,5%). Число бюллетеней недействительных – 8, с отметкой в строке «Против всех» - 0.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Айтақын Сержан – 19 человека (10,6 %)

Кыдырбаев Айбол Төлегенович – 138 человек (76,7 %)

Сейтқазы Төлеубек Советбекұлы – 23 человек (12,8 %)

По итогам голосования избран акимом Аманбөктерского сельского округа Кыдырбаев Айбол Төлегенович, 1974 года рождения, «Аппарат акима Аманбөктерского сельского округа Сарканского района», главный специалист, проживает в с.Баянбай, партия «AMANAT».

В соответствии с пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Сарканской районной территориальной избирательной комиссии от 15 июня 2025 года зарегистрирован аким Аманбөктерского сельского округа Сарканского района, избранный 15 июня 2025 года.

О регистрации акима Екиашинского сельского округа Сарканского района

15 июня 2025 года состоялись выборы акима Екиашинского сельского округа по Екиашинскому избирательному округу.

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола участковой избирательной комиссии о результатах выборов акима Екиашинского сельского округа Сарканского района установила итоги выборов.

В список избирателей по Екиашинскому избирательному округу включено 1427 граждан, из них проголосовали 1142 (80,0%). Число бюллетеней недействительных – 36, с отметкой в строке «Против всех» - 0.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Дюсембеков Даулет Адильжанович – 838 человека (75,7 %)

Ерланұлы Ұлан – 153 человек (13,8 %)

Сейтханова Гульнур Оралхановна – 115 человек (10,4 %)

По итогам голосования избран акимом Екиашинского сельского округа Дюсембеков Даулет Адильжанович, 1986 года рождения, ГУ «Аппарат акима Екиашинского сельского округа Сарканского района», аким, проживает в с.Екиаша, партия «AMANAT».

В соответствии с пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Сарканской районной территориальной избирательной комиссии от 15 июня 2025 года зарегистрирован аким Екиашинского сельского округа Сарканского района, избранный 15 июня 2025 года.

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін насихаттау – халықтың сенімін арттыру

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып отыр. Қазіргідей ақпараттық ғасырдың жұртшылық үшін ең тиімді тұсы да мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты одан сайын жақындастыруында болып отыр. Осылайша, мемлекеттік қызметтер көрсетуді мейлінше оңтайландыруды, құжаттарды қараудың мерзімі мен тізбесін қысқартуды және адамның өзінің баруын қажетсінбейтін ақпараттық – мәліметтерді толық электрондық форматқа көшіру көзделуде. «Электрондық үкімет» веб-порталы қарапайым халық үшін тиімді, әрі қолжетімді болып отыр.

«Электрондық үкімет» – мемлекет атқаратын барлық қызметтер мен функцияларды электронды формат бойынша сапалы түрде жүзеге асыру дегенді білдіреді. Бұл жүйенің тиімділігі бірінші кезекте халықтың уақытын үнемдейді, мемлекеттік қызметтерге қатысты көптеген шаруаны үйде отырып-ақ шешуге мүмкіндік береді. Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің жұмысындағы ашықтықты қамтамасыз етеді. Үшіншіден, электрондық үкімет қоғамды қағазбастылықтан арылтады. Қазір кез келген тұлға өзіне қажетті құжатты үйлерінде отырып-ақ, рәсімдей алады.

Сонымен қатар, әкімдікке келген азаматтар өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында «e-gov» порталы арқылы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізе алады. Мамандар көмегіне де жүгініп, электрондық форматта қызмет алуды үйренуге де мүмкіншілік бар.

Осылайша жылдам өзгеріп жатқан заманда ыңғайлы және жеңіл тәсілмен соңғы технологияларды белсенді қолдана отырып мемлекеттің қоғам үшін барлық бағытта ұтқыр қарым-қатынас жасай білуі тұрғындардың өміріне ғана емес, тұтастай елдік бәсекелестікке де өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Халықтың сұраныс-талаптарын қанағаттандыру, оларға көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту да мемлекеттің қаншалықты ақпараттық технологияны игергендігін көрсетеді.

**А.БАБЫКОВА,
Шатырбай ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы.**

•101 ескертеді

Табиғатты өрттен сақтайық

Өрт шығу қауіпі жоғарланған кезең келді. Осыған орай сақ болыңыздар. Өздеріңізге белгілі кураған шөптер және қоқсықтарды арнаулы жерлерде жағып, оны қадағалаған жөн. Бірақ тұрғындардың көбісі оны қалай болса солай өртеп, немқұрайлылықпен қарайды. Шаруа қожалықтар былтырдан қалған сабанды, қоқсықтарды және кураған шөптерді өртейді. “Өртті сөндіргеннен гөрі оның алдын алған дұрыс” - дейді халық мақалы. Шындығына егер өрт қауіпсіздігі тәртібін қатаң сақтап, байқап жұмыс істегенде ғана өртті болдырмауға болады. Өкінішке орай тұрғындар орман мен далалар халық қазынасы екенін естен шығарып кетеді.

Өрт қауіпі мол көктем, жаз мезгілдеріне дайындық шараларын жасап, олардың орындалуын тексеруге, қала, ауылдар үшін жалпы шараларды өткізуге ат салысу керек.

Үйлерде және кәсіпорындардың аумақтарында сонымен қатар ормандар мен далаларда жанғыш заттардың қоқыстарын және т.б. тастауға болмайды, өрт қауіпі бар жерлер жанғыш заттардың, қоқыстардан, түскен жапырақтардан уақытында тазаланып тұруы керек.

Халқымыз “Өрт тілсіз жау” - деп бекер айтпағандықтан, өрттен тек қана мүлікке ғана зақым келмей, адамдардың денсаулығы, кейбір жағдайда кісі өліміне әкеліп соғуы мүмкін.

Міне, осындай қарапайым өрттен сақтандыру ережелерін Сарқан ауданының ТЖБ бөлімі ескертеді. Қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

М. САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Балқаш көліндегі рейд жұмыстары

Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері ауданның су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында, ағымдағы жылдың 14 маусым күні Балқаш көлінде суға шомылу маусымы бойынша кезекті рейд жүргізді.

Демалушыларға «Суда өзін – өзі ұстану қауіпсіздік ережесі» және «Суға батқанға алғашқы көмек» жадынамалары үлестірілді және өз қауіпсіздігіне қатысты олардың жауапсыздық қарым - қатынас қандай салдарға әкеліп соқтыруы мүмкіндігі жөнінде түсіндірді. Негізгі келеңсіз жағдайлардың себебі болып жабдықталмаған орындарда суға шомылу болып табылады.

Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері ескертеді, жағдайы жасалған жағажайларда, рұқсат етілген орындарда суға шомылған дұрыс. Қатты ағымы бар тік жарлар, батпақты су айдындарында және өсіп кеткен өсімдіктер маңында суға шомылу қажет емес және де алкогольді мас күйінде су айдындарына баруға болмайды. Жағажайларда жасөспірімдер мен балалар ата – аналарының немесе үлкендердің бақылауымен болулары тиіс.

Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері өңірдің тұрғындары мен қонақтарға тағы бір өтінеді, суда өзін – өзі ұстану қауіпсіздік ережесін сақтау. Осындай рейдтер суға шомылу маусымы аяқталғанға дейін жалғасатынын ескертеміз!

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Өмкенге құрмет – келешекке аманат

9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай ауылымызда ерекше мазмұнды әрі жүрекке жылы тиетін шара ұйымдастырылды. Бұл шара – тек ардагерлерімізге тағзым ету емес, сонымен бірге ауылдың ынтымағы мен бірлігінің, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрінің жарқын көрінісі болды.

Шараны жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан ауыл тұрғындарына және 1977, 1979, 1980, 1981, 1982, 1984, 1985, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990, 1992, 1993, 1995, 1996, 1997, 1999, 2000, 2001, 2002, 2003, 2004, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012 жылдардағы ауылымыздың мектеп түлектеріне зор алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар, осы шараға көмек көрсеткен Сергей Душкин, Мурат Джаксыгельдинов, Мурат Жумабеков, Арнат Абеуов, Берик Момынов, Мурат Батырбеков, Валентина Мягих, Тамара Самойлова, Сергей Радюк, Надежда Кулешова, Ерлан Махатов, Андрей Куттыбаев және Смагуловтар отбасына үлкен ризашылығымызды айтамыз. Барлық жерлестер – өздерінің туған жеріне деген шынайы махаббатын, елге, жерге деген адал ниетін нақты ісімен көрсете білді.

Ауыл имамының бұл шараны ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі зор. Қалманбетов Серік Кенжебайұлының рухани басшылығы мен ақ батасы – жиынның маңағынасын арттырып, жүректерге жылу сыйлады. Имам мырзаның ел ішіндегі орны ерекше екенін тағы бір мәрте сезіндік.

Ауылымыздың әкімі Айтжанов Максат Нұрахметұлы да өз үлесін қосып, игі бастаманың ортасында жүрді. Сонымен қатар, шараның сәтті өтуіне себепкер болған бірқатар белсенді азаматтар мен ұйымдастырушылардың есімдерін атап өткен жөн: Мурат Мусабаланов, Марат Дауытпаев, Турсынбек Бокушбаев, Жанатбек Атеков, Марат және Сержан Джаксыгельдиновтар, Катима Орынбекова, Самат Кулбеков, Қанат Мусабаланов. Олар өздерінің белсенділігімен, жанашырлығымен және табандылығымен жастарға үлкен үлгі көрсетті.

Ауылымыздың барлық тұрғындарының игілігі үшін бірқатар қажетті жабдықтар сатып алынып, пайдалануға берілді. Атап айтқанда мешітке жаңа кіреберіс есік, 3 кондиционер, жылу зеңбірегі (тепловая пушка), титан - су жылытқышы, газ плита, алжапқыштар, азық-түлік пен ыдыс тасуға арналған 2 арба, арқасы бар және арқасыз орындықтар (лавочки), қоқыс жәшіктер (урны для мусора), металл конструкциядан жасалған сахна, 2 көше шамы, ардагерлердің портреттері, баннерлер, т.б. Сонымен қатар, мектеп мұражайына көмек көрсетіліп, музыкант пен оператор қызметтері төленді. Мешітте берілген асқа азық-түлік те алынды.

Ұйымдастырылған бұл шара – тек бір күндік мереке емес, бұл – ардагерлерімізге тағзым, өткенге құрмет, келешекке аманат. Осындай шаралар арқылы біз тарихымызды жаңғыртып, ұрпақ санасына отансүйгіштік пен ізгілік дәнін егіп келеміз.

Осы шараның ұйымдастырушылары - 1983 жылғы мектеп түлектері атынан барша атсалысқан азаматтарға тағы да шексіз алғыс айтамыз!

Ұйымдастыру тобы.

Тәрбиешілерге тың алғыс

Күні кеше ғана балаларымыз тәрбиенің негізі қаланатын – балабақша табалдырығын аттаған еді. Енді міне бақытты балалықтың мекенімен қимай қоштасып барамыз. Осы орайда «Балдырған» балабақшасы «Күншуақ» мектепалды даярлық тобы тобының тәрбиешілері



Мамбетбаева Жұлдыз Есенгелдіқызы, Аязбаева Гүлзат Жұмабекқызы, Кизенова Кунтай Жарболонна сынды бала жанын терең ұғына білетін, талапшыл, мәдениетті, кішіпейіл, ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орната білген балаларымыздың тәрбиешілеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ең бастысы әріп танып, сан санап білім негізі қаланды, сан түрлі іс-шараларға қатыстырып, тәрбиені тал бесіктен ұғындыра білген сіздердің еңбектеріңіз ерен. Біз тәрбиешімізге еңбегі мен балаларға қамқорлығы үшін шынайы алғысымызды білдіргіміз келеді. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өсіп-өркендеуіне көмектескендеріңіз, жаңа нәрселерді үйреткендеріңіз және қиын сәттерде қолдау көрсеткендеріңіз үшін көп рахмет.

Ата-аналар атынан шынайы алғысымызды білдіреміз және ел ертеңі-жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбектеріне жеміс тілейміз.

А. АМАНГЕЛЬДИНА,
ата-аналар атынан.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан қаласының тұрғыны Тұрысбеков Ахметжан Мекенұлын 22 маусым күні 70 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құтықтаймыз. Ғұмырының басым бөлігін жүрек қалауымен таңдап алған мамандығына сай шаруашылықтарда заготовитель (дайындаушы) болып қызмет атқарған ардақтымыздың өмір жолы көпке үлгі.

«Қарттары бар ел – қазынасы бар ел» – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Мерейтой иесіне ғұмыры ұзақ, өмірі баянды да бақытты болсын деп тілейміз.

Өзіңді жүреміз біз арқаланып,
Жетеді жақсы ісің жұрт тамсанарлық.
Жүзге жет жүзің жарқын, денің сау боп,
Оны да аман-есен қарсы алалық.

Ізгі тілекпен: Тұрысбековтар әулеті, жұбайы, балалары, немерелері.



ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Шапқан аттай, атқан оқтай ұшқыр уақытқа ілесемін деумен пенденің өлшеулі ғұмыры өтетін көрінеді. Биыл сексеннің тоғызына қадам басқанда біз білетін, айналасы қадірлейтін Тынысбек ағамыз бақилық болды. Қайтқанына қырық күндігі тақап қалған абзал жанды сағынышпен еске аламыз.

Имансерікұлы Тынысбек 1936 жылғы 12 желтоқсанда Жетісу облысы Бақалы ауылында дүниеге келген. Көп балалы отбасының тұңғыш баласы болатын. Ерте жасынан бастап жақындарына қамқорлық көрсете білді. Мектеп бітірген соң ауылда еңбек жолын бастады.

20 жасында Семей қаласына қоныс аударып, сол жердегі жүн-тері техникумін бітіріп, бухгалтер мамандығын алады. Үйленген соң да ол үлкен отбасын қолдауды жалғастырды — оның көмегімен бауырлары мен қарындастары білім алып, Бақалы, Талдықорған және Алматыда лайықты өмір құра алды.

Еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында Тынысбек ақсақал небәрі 30 жасында Ақсу ауданының тұтынушылар қоғамында бас бухгалтер лауазымына тағайындалады. Кейін осы лауазымда Сарқан аудандық тұтынушылар қоғамына ауысып, 1997 жылы сол мекемеден зейнетке шығады. Осылайша Тынысбек Имансерікұлы Қазақтұтынукооперация саласында 40 жылдан астам еңбек етті.

Тынысбек ағамыз жұбайы Батимамен 45 жылдан астам бірге өмір сүрді, екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді. Өкінішке орай, ұлы Санат ерте қайтыс болды, ал 14 жыл бұрын Батима апа да өмірден өтті. Артында 4 бала, 9 немере және 14 шөбере қалды — олардың барлығын атасы шексіз жақсы көріп, қолдап отырды.

Өмірде де, жұмыста да ол принципшіл әрі талапшыл жан болатын, өмірлік ұстанымдарына берік еді. Сол үшін достары мен әріптестері оны әзілмен, бірақ құрметпен "Гейббельс" деп атайтын. Ал немерелері оны әрдайым мейірімді де қамқор ата ретінде көрді, ал шөберелерін өмірінің соңғы күндеріне дейін еркелетіп, сыйлықтар мен мейірімін аяған жоқ.

Тынысбек ата «Тыл еңбеккері» болатын. 2025 жылы 9 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен тыл еңбеккері ретінде «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Осы соңғы марапатын ол кісі мақтан тұтып, ақшалай берілген сыйақысын шөберелеріне табыстағаны күні кеше еді.

Тынысбек атаның жарқын бейнесі ол кісіні білетін ардагерлердің, туған-туыстары мен жақындарының жүрегінде мәңгі сақталады. Ол еңбекқорлықтың, адамға деген сүйіспеншіліктің және Жаратқанға әр күнін шүкір еткен адалдықтың жарқын үлгісі болатын.

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,
аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Хабарландыру\Объявление

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсиздик 247 с об-щей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдықорған. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

●Жақыпбеков Сұлтан Бекетұлының атына тіркелген автокөліктің 015ACA19 мем. нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Мухамедьяров Ержан Нуртлеулесовичтің атына берілген А,В,С санатты жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Нығымет Айтжамалдың атына тіркелген 689ALD02 мемлекеттік нөмірлі автокөліктің №VL00013320 нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.